





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


**КӨРКЕМӨНЕР  
КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 31.08.2024
	<b>КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	1-бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Көркемөнер кеңесінің негізгі мақсаттары мен міндеттері	2
3	Көркемөнер кеңесінің құрамы	3
4	Көркемөнер кеңесінің қызметін ұйымдастыру	4
5	Қорытынды ережелер	5



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 31.08.2024
	<b>КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	2-бет

## **1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1 Осы Көркемөнер кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Университет) Көркемөнер кеңесінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, қалыптастыру тәртібі мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 «Мәдениет туралы» Заңына;
- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 25 қаңтардағы № 15 бұйрығымен бекітілген өңірлік көркемдік кеңестер туралы үлгі Ережеге;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 02 қазандағы № 389-НҚ бұйрығымен бекітілген мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысына.

1.3 Көркемөнер кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Университеттің концерттік қызметі бойынша Университеттің консультативтік-кеңесші органы болып табылады.


1.4 Кеңес өз қызметін жариялылық, мәселелерді ұжымдық талқылау және шешім қабылдаудың ашықтығы қағидаттарында жүзеге асырады.

1.5 Кеңес қызметіне ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор жетекшілік етеді.

1.6 Кеңес жұмысын ұйымдастыруды шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық қызметі (ШХЫҚ) жүзеге асырады.

## **2 КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІНІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1 Кеңестің негізгі мақсаттары Университеттің ірі концерттік іс – шараларының (үкіметтік және мемлекеттік деңгейлер, есепті, мемлекеттік деңгейдегі гастрольдік концерттер) өткізілу сапасын бақылау және бәсекеге қабілетті отандық өнім-мәдениет пен өнердің жоғары көркем туындыларын жасау болып табылады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 31.08.2024
	<b>КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	3-бет

2.2 Кеңес өз қызметінің мақсатына жетуде келесі негізгі міндеттерді орындайды:

- Университеттің музыкалық, көркем, театр және кино өнері саласындағы репертуарлық және орындаушылық саясатын үйлестіру;
- Университеттің ірі шығармашылық іс-шараларының концерттік бағдарламаларын (үкіметтік және мемлекеттік деңгейлер, есепті, мемлекеттік деңгейдегі гастрольдік концерттер) қалыптастыру бойынша мәселелерді талқылау және шешу;
- концерттік бағдарламалардың нөмірлерін тыңдау және қатысушыларды іріктеу;
- ерекше дарынды жас орындаушыларды қолдау және оларды орындаушылар құрамына енгізу;
- концерттік нөмірлердің орындалу сапасын бақылау;
- концерттік нөмірлердің контентін бақылау, бағдарламада әлеуметтік, ұлттық, діни және рулық басымдықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды баса көрсететін, жалпы қабылданған мораль мен адамгершілік нормаларын бұзатын Қазақстан Республикасының тұтастығына нұқсан келтіруге бағытталған контентті пайдалануға жол бермеу.

### **3 КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ**

3.1 Кеңес құрамына ректор, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық қызмет жөніндегі проректор, факультет басшылары (декандары), ШХЫҚ басшысы, Университет педагогтарының өкілдері - Қазақстан Республикасының (ҚР) көрнекті өнер қайраткерлері: еңбек сіңірген әртістер, халық әртістері, ҚР құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған адамдар және Университет білім алушылары кіреді.


3.2 Комиссияның дербес құрамы Университет ректорының бұйрығымен 3 жылға бекітіледі.

3.3 Кеңеске басшылықты Университет ректоры атынан кеңес төрағасы жүзеге асырады.

3.4 Кеңес төрағасы болмаған кезде оның функцияларын ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық қызмет жөніндегі проректор тағайындалатын Кеңес төрағасының орынбасары орындайды.

3.5 Кеңес төрағасы мен оның орынбасары болмаған жағдайда, төрағаның функцияларын ағымдағы отырыста сайланған Кеңес мүшесі орындай алады.

3.6 ШХЫҚ өкілі Кеңестің хатшысы болып табылады. Кеңес хатшысы Кеңес мүшелерінің құрамына кірмейді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 31.08.2024
	<b>КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4-бет

3.7 Кеңестің отырыстарына нақты мәселелерді шешуге қатысуы қажет тұлғалар шақырылуы мүмкін.

3.8 Кеңес төрағасы:

- Кеңес отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді;
- Кеңес отырыстарында мәселелерді талқылауды, сондай-ақ отырысқа қатысу үшін шақырылған адамдардың пікірлерін тыңдауды ұйымдастырады;

Кеңес отырысының хаттамасына қол қояды.

3.9 Кеңес хатшысы келесі функцияларды орындайды:

- Кеңес отырысының күн тәртібін қалыптастырады, оны төрағамен келіседі және оны Кеңес мүшелеріне жіберуді жүзеге асырады;
- отырысты өткізу үшін қажетті материалдарды дайындайды, қажет болған жағдайда оларды Кеңес мүшелеріне алдын ала жіберуді жүзеге асырады;
- Кеңес мүшелерінің және шақырылған адамдардың отырыстарына қатысуын қамтамасыз етеді;
- Кеңес отырысының хаттамасын жүргізеді;
- Кеңестің қызметіне қатысты өзге де тапсырмаларды орындайды.

3.10 Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

3.11 Егер отырысқа оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, Кеңестің шешімі заңды болып табылады.

3.12 Кеңестің шешім қабылдауы қатысып отырған мүшелердің ашық дауыс беруі арқылы жүзеге асырылады. Дауыстар тең болған кезде Кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

3.13 Кеңестің ұсыныстары мен шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

3.14 Кеңестің құжаттары ШХЫҚ-де сақталады.

3.15 Кеңестің қазіргі мүшесі болып табылатын қызметкер Университеттен босатылған жағдайда, ол автоматты түрде оның құрамынан шығарылады.


## **4 КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

4.1 Кеңестің отырыстары Университеттің шығармашылық қызметі бойынша бекітілген жоспарға сәйкес өткізілетін ірі концерттік іс-шараларға дайындық кезеңінде ұйымдастырылады.

4.2 Кеңес мүшелері отырыстың күн тәртібімен, қосымша материалдармен (концерт бағдарламасының жобасы, орындаушылар тізімі және т. б.) алдын ала танысады.

4.3 Кеңес мүшелері:

- Кеңес отырыстарына үнемі қатысу;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 31.08.2024
	<b>КӨРКЕМӨНЕР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5-бет

- Кеңестің мақсаттары мен міндеттерін іске асыруға жәрдемдесу;
- талқылауға белсенді қатысу;
- оларға жүктелген тапсырмаларды уақтылы орындау.

4.4 Кеңес отырысына Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің (жоспарлау-экономикалық бөлім, мемлекеттік сатып алу бөлімі, кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлім және т. б.) басшылары шақырылуы мүмкін.

4.5 Қаралатын мәселелер бойынша Кеңестің алқалы шешімі ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

4.6 Кеңестің шешімдері олардың орындалуына жауапты адамдар көрсетіле отырып ресімделеді.

4.7 Кеңес қабылданған шешімдердің орындалуын тексеруді ұйымдастырады.

## **5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

5.1 Осы Ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.